

120302, Қазақстан Республикасы
Қызылорда облысы, Жаңақорғанауданы,
Шалкия кенті, Мұстафа Шоқай көшесі 32 үй
тел.: +7 724 35 79 107
e-mail: info@zinc.kz

120302, Mustafa Shokai street,
building 32, Shalkiya settlement,
Zhanakorgan district, Kyzylorda region,
Republic of Kazakhstan
tel.: +7 724 35 79 107
e-mail: info@zinc.kz

120302, Республика Казахстан
Кызылординская область,
Жанакорганский район, поселок
Шалкия, ул.Мустафа Шокай 32
тел.: +7 724 35 79 107
e-mail: info@zinc.kz

Құрметті достар мен серіктестер!

«ШалкияЦинк ЛТД» АҚ (бұдан әрі – Компания) корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін ұстануға айрықша мән береді. Өз қызметімізде мінсіз іскерлік беделімізді сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысаны мен көрінісіне, сондай-ақ іскерлік этика нормаларын бұзушылықтың кез келген түріне нөлдік төзім саясатына бейілді бола отырып, үздік корпоративтік тәжірибелерге, ашықтық пен есеп берушілік қағидаттарына сәйкес жұмыс істеуге ұмтыламыз.

Біз әріптестеріміздің, серіктестеріміздің, мемлекеттің және қоғамның сенімін жоғары бағалаймыз. Осындай сенім ашықтыққа, адалдыққа, ізгі ниетті қарым-қатынасқа және өзара құрметке негізделген.

Іскерлік өзара іс-қимыл мәдениетін арттыру, мінез-құлық стандарттарының бұзылу тәуекелдерін басқару және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын, Компанияның ішкі қағидаларын ұстана отырып Компанияда:

- Іскерлік этика кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Бастамашыл хабардар ету саясаты сияқты ішкі нормативтік құжаттардың

қолданылатыны туралы хабардар етеміз.

Құжаттар Компанияның корпоративтік веб-сайтында орналастырылған және қызметкерлермен, оның ішінде серіктестермен өзара іс-қимыл кезінде басшылыққа алынады. Компания өзінің құндылықтарын бөлісетін клиенттердің, серіктестердің және басқа да контрагенттердің осы құжаттарда көзделген қағидаттар мен талаптарды ерікті түрде ұстануын құптап, қолдайды.

Компания өзінің қызметкерлері мен қауымдастырылған тұлғалар (директорлар кеңесінің мүшелері, клиенттер, агенттер, серіктестер және басқа да мүдделі тараптар) Іскерлік этика кодексінің, заңнаманың бұзылуы, сыбайлас жемқорлық көріністері, алаяқтыққа, парақорлыққа, кемсітушілікке және басқа да заң бұзушылықтарға қатысты аландаушылық білдіріп, хабардар етеді деп үміттенеді.

Бұзушылықты хабарлау арналары

Бастамашыл хабардар ету саясаты аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ҚР заңнамасын бұзу, әдепсіз мінез-құлық немесе кемсітушілік мәселесі бойынша аландаушылықты білдіретін ішкі арналардан басқа фактілері бойынша ішкі хабарлау арналарына қоса, АО «Самрук-Қазына» АҚ бастамасымен тәуелсіз оператор - *KPMG* компаниясы басқаратын бастамашыл хабардар етудің сыртқы орталықтандырылған желісі енгізілген.

«Самрук-Қазына» АҚ-ның қауырт желісі Компания қызметкерлері, сонымен қатар үшінші тұлғалар (клиенттер, контрагенттер және басқа да мүдделі тараптар) үшін де қолжетімді.

Өтініштер:

- 8 800 080 4747 (Қазақстан аумағында қоңырау шалу тегін) телефон нөмірі;
- mail@sk-hotline.kz электрондық поштасы;
- www.sk-hotline.kz интернет-порталы;
- +7 771 191 8816 нөмірі бойынша тіркелген WhatsAppмессенжері арқылы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады.


Сондай-ақ Компанияның корпоративтік веб-сайтында қосымша байланыс арналары да көрсетілген.

Құпиялылық пен анонимділікті қамтамасыз ету мақсатында түскен өтініштер туралы ақпаратты күнделікті «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Комплаенс қызметіне ұсынатын сыртқы тәуелсіз Оператор қабылдап, өңдейді.

Қауырт желінің заңнаманы, Іскерлік этика кодексін және корпоративтік стандарттарды бұзу, оның ішінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепке жат мінез-құлық және Компания қызметіне қатысты өзге де бұзушылықтар туралы хабарлауға (өтініштерге) ғана арналғанына назар аударамыз. Қауырт желісі қызметкерлер мен контрагенттерге қысым көрсету және/немесе оларды белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға/жасамауға мәжбүрлеу құралы ретінде қолданылмауы, сондай-ақ жеке есеп айырысу тәсілі ретінде қарастырылмауы тиіс.

Құрметті достар мен серіктестер, біздің құндылықтарымызды бөлісіп, адал әрі ашық іскерлік қарым-қатынастарды қолдағандарыңыз үшін алғыс айтамыз!

Құрметпен,
«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ
Бас директоры



А. Тлеулин